

**"Жүк кеден декларациясын беру мерзімін ұзарту туралы Ережені бекіту туралы"**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 2000 жылғы 22 мамырдағы N 160 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 15 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1159. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен. ~V011442

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Заңының 195 бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Ұсынылып отырған жүк кеден декларациясын беру мерзімін ұзарту туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г. Мұхамедиева ) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Г. Исахан ) осы бұйрықтың ресми түрде

жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың атқарылуы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті Төрағасының орынбасары Б. Жұмабаевқа жүктелсін.

5. Бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағаның м.а.

ҚР МКМ КК  
22 мамыр 2000 ж.  
N 160 бұйрығымен  
"Бекітілген"

Жүк кеден декларациясын беру мерзімін ұзарту ережелері

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасы кеден ісі туралы" ( бұдан әрі - Заң) Заңының 195 бабына сәйкес жүк кеден декларациясын (бұдан әрі - ЖКД) беру мерзімін ұзарту тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереже, тауарларды түтік құбыр көлігі мен электр желісі бойынша тасымағанда, тауарларды мерзімді мәлімдеген, алдын ала мәлімдеген кезде уақытша ЖКД-сын пайдаланған жағдайларды санамағанда, ЖКД-сын пайдалана отырып, тауарларды мәлімдеудің барлық жағдайына таратылады.

3. Қазақстан Республикасының кеден органдары осындай мерзімді ұзарту қажет болған кезде декларанттың жазбаша өтініші бойынша осы Ереже анықтаған тауарларға қатысты ЖКД-сын беру мерзімін ұзартады.

4. Өтініш Заңның 195 бабы анықтағандай, ЖКД-сын беру мерзімін өткізбей, тиісті уақытында, Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы лауазымды тұлғалардың өтінішті қарау мерзімі ескеріле отырып, беріледі.

5. Өтініште ЖКД-н беру мерзімін ұзарту себептері, міндеттеме және ЖКД-сымен кеден мақсаты үшін қажет құжаттардың берілетін күні көрсетіледі.

6. Өтінішпен Қазақстан Республикасының кеден заңдары белгілеген мерзімде ЖКД-сын бере алмау себептерін растайтын құжаттар қоса тапсырылады.

7. ЖКД-сын беру мерзімін ұзарту туралы шешімді кеден органының бастығы не болмаса оның орнын басушы тұлға кеден төлемдері мен салықтары бойынша берешегі жоқ, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қатысты белгілеген нысанда қабылдайды.

8. ЖКД-сын беру мерзімін ұзарту туралы шешім декларанттың осындай мерзімге ұзарту туралы өтініш түскен сәттен бастап келесі жұмыс күні біткенге дейін кешіктірмей қабылданады.

9. Өтініш пен шешімді кеден органының лауазымды тұлғасы өтініштің түскен күні, декларант, жөнелтуші, қабылдап алушы, тауардың аталуы, олардың мөлшері, шыққан жері, қабылданған шешім (ұзартылған жағдайда шешімнің N мен шешімнің қабылданған күні көрсетіледі), өтінішті қабылдаған кеден органдарындағы лауазымды тұлғаның қолы көрсетілген арнайы Журналға тіркейді.

10. ЖКД-сын беру мерзімін ұзарту келесі тауарларға қолданылады:

1.) кеден баждары мен салықтары салынбайтын тауарларға;

2.) кеден баждары мен салықтары ЖКД-сын беру мерзімін, ұзарту туралы өтініш берген сәтке дейін төленіп қойылған тауарларға қатысты, кеден баждары мен салықтары салынатын тауарларға;

Егер ЖКД-сын Қазақстан Республикасының кеден органына берген сәтте, оның беру мерзімін ұзартқаннан кейін ЖКД-сын

беретін күні төлеуге жататын кеден төлемдері мен салықтарының сомасы жоғары немесе бұрынғы төленген кеден төлемдері мен салықтарының сомасынан төмен болса, онда пайда болған айырмашылық ЖКД-сын беретін күні не оған дейін Қазақстан Республикасының кеден органына төленуге жатады немесе декларантқа қайтарылады, не болмаса Қазақстан Республикасының кеден органы тиісті түрде келесі төлемдердің есебіне жатқызады;

3.) Соларға қатысты, Қазақстан Республикасы Заңының 195 бабына сәйкес белгіленген мерзімде ЖКД-сын берген сәтте, Қазақстан Республикасының Заңы тауарларға ілеспелі құжаттар бойынша Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы осы тауарларды өткізген сәтте қолданған заңдарға қарағанда ұтымсыз жағына өзгерсе.

11. ЖКД-сын берудің ұзартылған мерзімі бітер күні немесе оған дейін декларант белгіленген нысанда, толтырылған ЖКД-сымен кеден мақсаттары үшін қажет құжаттарды тапсырады.

12. ЖКД-сын беру мерзімін ұзарту туралы, декларанттың өтініші мен кеден органының шешімі ЖКД-сымен қоса және өзге де құжаттар тізімдемеге енгізіледі.

13. ЖКД-сының беру мерзімі оның ұзартылған мерзімі мен кедендік

ресімдеу мерзімін ескергенде Қазақстан Республикасының кеден органына тауарлар мен көлік құралдарын ұсынған сәттен бастап екі айдан аспау керек.

14. ЖКД-сының беру мерзімі осы Ереженің 13 тармағында көрсетілген мерзімінен ұзартуды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті жүргізеді.

15. Қазақстан Республикасының кеден органына олар белгілеген мерзімде тауарлар мен көлік құралдарының ЖКД-сын, сонымен қатар кеден мақсаттары үшін қажет құжаттар мен мәліметтерді тапсырмауы Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген жауапкершілікке тартуға әкеп соғады.

кеден органының аталуы

---

---

---

---

## ӨТІНІШ

Мына тауарлардың жүк кеден декларациясын беру мерзімін ұзартуды өтінемін \_\_\_\_\_

тауарлардың аталуы, мөлшері, көлікке ілеспелі құжаттардың N N

немесе қысқаша декларация, тауарлардың уақытша сақталу орны

\_\_\_\_\_ мерзімге дейін

белгілеген мерзімде ЖКД-сын тапсырмау себептері көрсетіледі

\_\_\_\_\_ байланысты

\_\_\_\_\_ көрсетілген тауарларға кедендік ресімдеуді жүргізу үшін, кеден мақсаттары үшін қажет ЖКД-сы мен

құжаттарды \_\_\_\_\_  
ЖКД-сын беру күні көрсетіледі

Ұсынылатын құжаттар: 1.

- 2.
- 3.
- 4.

Декларант \_\_\_\_\_  
ҚОЛЫ

\_\_\_\_\_ 2000 ж.

Кеден органының аталуы

N \_\_\_\_\_ ШЕШІМ

Өтініште көрсетілген тауарларға ЖКД-сын беру мерзімін ұзартуға рұқсат \_\_\_\_\_ дейін беріледі.

Күні \_\_\_\_\_ 2000 ж.

К.о. бастығы

\_\_\_\_\_

ҚОЛЫ

М.О.

Қазақстан Республикасының кеден органына, олар, белгілеген мерзімде тауарлар мен көлік құралдарының ЖКД-сын, сонымен қатар кеден мақсаттары үшін қажет құжаттар мен мәліметтерді тапсырмауы Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы Заңында көзделген жауапкершілікке тартуға әкеп соғады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.